

МЕКТЕП КІТАПХАНАСЫ – БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІНІҢ АҚПАРАТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

Мектеп кітапханасы туралы ақпарат

Облыстық көру қабілеті бұзылған балаларға арналған арнаулы мектеп – интернатының кітапханасы 1996 жылдан бастап жұмыс жасап келеді. Кітапхана абырмонент бөлімі, оқу залымен біріктірілген, компьютермен жабдықталған. «МАРК-SQL» атты арнайы бағдарлама орнатылған.

Кітапхана қорының көлемі – 11877 дана, соның ішінде брайль шрифтісімен бейімделген оқулықтар -3174,
үлкейтілген қаріпті -451,
электронды оқулықтар – 92,
көркем әдебиет саны – 4015;

Кітапхана қорында оқушылардың қызығушылығын туғызатын көптеген танымдық басылымдар бар.

Кітапхананың жұмыс көрсеткіші келесідей:

- оқырман саны – 237
- кітаптың берілуі – 8760
- оқылымы – 2300

Кітапхана жұмысының негізгі міндеттері:

Мектеп кітапханасының өзіне тән ерекшелігі болады. Біріншіден, ол кітапханалық норма мен ереже, екіншіден, қазіргі заманға сай мектептің оқу-тәрбие процесінің сұранысына толық жауап беруге тиісті.

Кітапханаға оқушылар келіп, қажетті әдебиеттерін жазғызып алып отырады, білімдерін толықтырады. Бұл орын оқушылардың шығармашылық жұмыстармен шұғылдануына көп ықпалын тигізеді. Кітапханада көптеген түрлі шаралар өткізіліп отырады көрмелер ұйымдастырылады. Біздің мақсатымыз –мұндай шараларды жалпы оқырмандар сусындайтындай, ой-пікір туғызатындай етіп өткізу, кітапхананы шынайы мәдениет ошағына айналдыру. Кітапхана оқырманның жеке басының дамуын, қызығушылығын арттыруды көздейді. Оқырманның оқуға деген сұранысы қанағаттандырылып, әрі қарай оқуына жетекшілік ететін – кітапханашы.

Негізгі міндет – әрбір оқушы өзінің керек кітабын тауып, жағымды ортада өз бетімен білімін жетілдіруге және өзіндік тұлғасын қалыптастыруға жағдай жасау. Сонымен қатар құнды кітап қорын пайдалана отырып, оқушыларды жаман ортаның әсерінен, қылмыстан, есірткіден бойларын аулақ ұстауға үйрету. Оқушыларды кітапты сүйе білуге, оқу мәдениетіне, тарихи, өнегелі және патриоттық әдебиетпен қатынасын арттыру.

Мектеп партасында отырған бүлдіршіндер мен жасөспірімдерді рухани байыту – кітапханамыздың төл ісі. Сондықтан біздің кітапхана, қорыта айтқанда, өзіне мынадай міндеттер жүктейді:

1. Жан-жақты дамыған баланы тәрбиелеуге атсалысу;
2. Оқушылардың ой-өрісін кеңейтуге, оқу деңгейін көтеруге жәрдемдесу;
3. Мектептің педагог қызметкерлерінің кәсіптік шеберлігін көтеруге септігін тигізу.

Өскелең ұрпақтың ортақ білімін, рухани байлығын арттыру барлығымыздың ортақ міндетіміз!

Мектеп-интернат кітапханасы ерекше балаларға арналған тактильді ертегі кітаптар мен жабдықталған.



Брайль жүйесі бойынша оқулықтар және тифлоқұралдар



1- сынып Брайль жүйесі бойынша математика оқулығы 17 бөлімнен тұрады.



Жалпы білім беретін мектеп. 1- сынып математика 2 бөлім

Үлкейтілген әріп. 1- сынып математика 4 бөлім



**Брайль жүйесі
бойынша термопринтер**



**Брайль жүйесі бойынша оқитын
кітап аппараты(Читающий книга)**



Тифло плеер



**Брайль жүйесі бойынша
көркем әдебиет**



Үлкейткіш лупа



Сурет салу құралы



Брайль дәптері, жазу құралы мен грифель



**Брайль бойынша жиналмалы
Әліппе-қалып**

Мектеп кітапханасында өткізілген іс-шаралар



Брайль оқушыларының оқыған кітаптары «READx» жобасы бойынша тыңдалымы өткізілуде



«Мен ертегі оқимын» атты іс – шарадан көрініс



Брайль жүйесі бойынша ең үздік оқырман конкурсы ұйымдастырылды.



Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орай ұйымдастырылған эстафета



15 қазан Халықаралық Ақ таяқ күні, бұл зағип және нашар көретін жандарға жәрдемдесуге, қайырымдылық танытуға, оларды құрметтеуге арналған атаулы күн. Сонымен қатар бұл күн – зағип жандардың мүмкіндіктері мен құқықтарын еске салатын күнге арналған ақпараттық сабақ.

Мектеп кітапханасының тақырыптық көрмелері

